

"Фылыми және (немесе) фылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және фылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 720 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және фылым министрінің 2017 жылғы 25 сәуірдегі № 190 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017 жылғы 25 мамырда № 15154 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Білім және фылым министрінің 2021 жылғы 10 қыркүйектегі № 464 бұйрығымен.

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Білім және фылым министрінің 10.09.2021 № 464 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн аяқталғанда күшіне енеді) бұйрығымен.**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Фылыми және (немесе) фылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама ұйымдастыру және жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және фылым министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 720 бұйрығына ("Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2016 жылғы 10 ақпанда жарияланған, Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12974 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Фылыми және (немесе) фылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама ұйымдастыру және жүргізу қағидалары осы бұйрыққа қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Білім және фылым министрлігінің Фылым комитеті (Б.С. Абдрасилов) заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін мерзімді баспа басылымдарында және Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы"

шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

4) осы бұйрық Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Заң қызметі және халықаралық ынтымақтастық департаментіне осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі А.К. Әмринге жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының  
Білім және ғылым министрі*

*E. Сагадиев*

Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлік  
2017 жылды 25 сәуірдегі  
№ 190 бұйрығына қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Білім және ғылым министрлік  
міндеттін атқарушының  
2015 жылғы 31 желтоқсандағы  
№ 720 бұйрығымен бекітілген

## **Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама үйымдастыру және жүргізу қағидалары**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама үйымдастыру және жүргізу қағидалары (бұдан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы "Ғылым туралы" Заңына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандығы "Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы" Заңына сәйкес әзірленді және ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін (бұдан әрі – FTҚН) коммерцияландыру жобаларына сараптама үйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар қолданылады:

1) FTҚН коммерцияландыру жобаларын гранттық қаржыландыру бойынша оператор (бұдан әрі – оператор) – уәкілетті орган айқындайтын FTҚН коммерцияландыру жобаларын қаржыландыруды үйимдастыру бойынша қажетті тәжірибесі бар занды тұлға;

2) ФТҚН коммерцияландыру жобасы (бұдан әрі – жоба) – зияткерлік қызмет нәтижелерін қоса алғанда, табыс алуға бағытталған жаңа немесе жетілдірілген тауарларды, процестер мен қызметтерді нарыққа шығару мақсатындағы ФТҚН практикалық қолдануға бағытталған болжанып отырған жұмыстың мазмұнын қамтитын құжат;

3) ФТҚН коммерцияландыруға арналған грант (бұдан әрі – грант) – экономиканың басым секторлары шеңберінде ФТҚН коммерцияландыру жобаларын іске асыру үшін өтеусіз және қайтарымсыз негізде берілетін бюджет және (немесе) бюджеттен тыс қаражат;

4) ғылым саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ғылыми және ғылыми-техникалық қызмет саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын мемлекеттік орган;

5) кешендік сараптама – өтінім 3 немесе одан да көп экономика салалары бойынша ұсынылған жағдайда, оператордың экономиканың түрлі салаларында мамандар болып табылатын сарапшылар тобын тарту жолымен жүргізілетін сараптама;

6) конкурс – ФТҚН коммерцияландыруға бағытталған және конкурс шеңберінде мәлімделген неғұрлым перспективалы жобаларды анықтауға бағытталған іс-шаралар;

7) конкурстық құжаттама – уәкілетті органның келісімімен оператор әзірлейтін және бекітетін гранттық қаржыландыруға арналған конкурсты жүргізуудің шарттарын, тәртібі мен мерзімін айқындайтын құжаттама;

8) қазақстандық сарапшы – шет мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген сол мемлекетте тұрақты тұру құқығы бойынша құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматтарын қоспағанда, Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын, оның ішінде уақытша шетелде немесе Қазақстан Республикасының шегінен тыс мемлекеттік қызметте жүрген сарапшы;

9) өтінім – конкурстық құжаттамаға сәйкес қатаң түрде ресімделген құжаттарды қоса отырып, конкурсқа қатысу үшін белгіленген нысандағы өтініш;

10) өтінім беруші – Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 718 бүйріғымен бекітілген Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларын қаржыландыру қағидаларына сәйкес (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде тіркелген № 12775) (бұдан әрі – Қаржыландыру қағидалары) грант алу үшін өтінімді қарастыруға ұсынған жеке немесе заңды тұлға;

11) сарапшы – сараптамалық қорытынды беретін, жоғары білімі, кемінде он жыл немесе сол қызмет саласында сарапшы ретінде қорытынды жасайтын ғылым

кандидаты, ғылым докторы немесе PhD докторы ғылыми дәрежесі бар болған жағдайда кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жеке тұлға;

12) технологиялық сараптама (бұдан әрі – ТС) – жобаның өзектілігін, ғылыми-техникалық әлеуетін, коммерцияландыруға даярлығын, техникалық және өндірістік тәуекелдерін бағалаумен байланысты қызмет;

13) ұлттық ғылыми кеңестер (бұдан әрі – ҰФК) – Қазақстан Республикасының әлеуметтік-экономикалық дамуының мемлекеттік басымдықтарына сәйкес уәкілетті орган құратын және Қазақстан Республикасы Үкіметі бекітетін ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет бағыттары бойынша алқалы органдар;

14) шетелдік сарапшы – Қазақстан Республикасының азаматы болып табылмайтын, сондай-ақ шетелдік мемлекеттің заңнамасына сәйкес берілген осы мемлекетте тұрақты тұру құқығы бойынша құжаты бар Қазақстан Республикасының азаматы болып табылатын сарапшы;

15) экономикалық (маркетингтік) сараптама (бұдан әрі – ЭМС) – жобаның коммерциялық тартымдылығын және ұсынылған қаржы-экономикалық көрсеткіштерінің негізділігін бағалаумен байланысты қызмет.

3. Конкурсқа қатысатын FTҚН коммерцияландыру жобаларының сараптамасына технологиялық және экономикалық (маркетингтік) сараптама кіреді.

4. Жобаларға сараптаманы оператордың әрбір сарапшымен Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінде қарастырылған тәртіpte жасаған шарт негізінде тәуелсіз сарапшылар жүргізеді.

5. Кешендік сараптама өтінім 3 немесе одан да көп экономика салалары бойынша ұсынылған жағдайда жүргізіледі. Жобага кешендік сараптама жүргізу кезінде құрамында ұштеп тоғызға дейін сарапшысы бар (так санда) сараптамалық топ құрылады.

6. Оператор конкурстық құжаттамаға сәйкес өтінімдерге технологиялық және экономикалық (маркетингтік) сараптама жүргізуді Қаржыландыру қағидаларына сәйкес өтінімдердің конкурстық құжаттамаға сәйкестігін тексеру аяқталғаннан кейін күнтізбелік 45 (қырық бес) күннен кешіктірмей ұйымдастырады.

## **2 тарау. Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама ұйымдастыру және жүргізу тәртібі**

7. Оператор:

1) қазақстанның және шетелдік сарапшылар базасын қалыптастырады;

2) қалыптастырылған қазақстанның және шетелдік сарапшылар базасын тұрақты негізде толықтырып отырады (жанартады);

3) конкурсқа келіп түскен өтінімдердің электрондық нұсқасының мәліметтер базасын қалыптастырады;

4) әрбір өтінім бойынша экономиканың басым секторы шеңберінде ұсынылған өтінімге байланысты мәліметтер базасынан сарапшыларды таңдайды;

5) өтінімдердің электрондық нұсқасын ТС жүргізу үшін екіден кем емес (қазақстандық және (немесе) шетелдік) сарапшыларға, немесе кешендік сараптама жүргізу үшін сараптамалық топқа жолдайды;

6) өтінімдердің электрондық нұсқасын ЭМС жүргізу үшін екіден кем емес қазақстандық сарапшыларға немесе кешендік сараптама жүргізу үшін сараптамалық топқа жолдайды.

8. Жобаның ТС сараптамалық (кешендік) қорытындысы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрастырылады.

9. Жобаның ЭМС сараптамалық (кешендік) қорытындысы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құрастырылады.

10. Сараптамалық қорытындыда әр бағалау өлшемшарты бойынша қазақстандық және (немесе) шетелдік сарапшылармен FTҚН коммерцияландыру жобасын сараптамалық бағалау жүйесі бойынша осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша балл қойылады.

11. Оператор ТС және ЭМС қорытындыларының негізінде әрбір жоба бойынша қорытынды балдары қойылған жиынтық сараптамалық қорытындыны осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырады және оларды күнтізбелік 4 (төрт) күн ішінде уәкілетті органға жолдайды.

12. Уәкілетті орган жобаларға сараптаманың жинақтық қорытындысын алғаннан кейін күнтізбелік 3 (үш) күн ішінде сараптаманың жиынтық қорытындыларын FTҚН коммерцияландыру жобасын қаржыландыруға мақұлдау немесе мақұлдамау туралы шешім қабылдау үшін Ұлттық ғылыми кенестерге (бұдан әрі – ҰФК) ұсынады.

Косымша 1

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама ұйымдастыру және жүргізу қағидаларына

1-қосымша

Нысан

" \_\_\_\_\_ " жобасы бойынша технологиялық сараптаманың сараптамалық (кешендік) қорытындысы

№	Бағалау өлшемшарттарының атапуы	Балдар ( 1-ден 9-ға дейін)	Сарапшының түсіндірмесі ( барлық өлшемшарттар бойынша кемінде 500 сез)
---	---------------------------------	-------------------------------	---

1. Өзектілігі			
1.1	Әлемдік экономика үшін жобаны іске асыру маңыздылығының дәрежелік бағасы		
1.2	Ұлттық экономика үшін жобаны іске асыру маңыздылығының дәрежелік бағасы		
1.3	FTҚН коммерцияландыру жобасының ғылыми-техникалық прогрессін үрдісі мен басымдықтарына сәйкестік бағасы		
1-өлшемшарт бойынша орташа балл			
2. Жобаның ғылыми-техникалық әлеуеті			
2.1	Жобаның ғылыми-техникалық жаңашылдығының дәрежесі		
2.2	Нарықта ұқсастығы бар өнімнің (қызметтің) салыстырмалы бағасы		
2.3	Жобада қойылған мақсаттарға жету үшін іс-шаралардың технологиялық (техникалық) іске асырылуы		
2-өлшемшарт бойынша орташа балл			
3. Жобаның коммерцияландыруға даярлығы			
3.1	FTҚН коммерцияландыру жобасының мақсатына жоспарланған іс-шаралар арқылы жету мүмкіндігінің бағасы		
3.2	Жобаны іске асыру үшін команданың құзыреттілігінің жеткіліктілігі		
3.3	Жобаны іске асыруда жоспарланатын материалдық-техникалық базаның бағасы		
3-өлшемшарт бойынша орташа балл			
4. Техникалық және өндірістік тәуекелділіктің бағасы			
4.1	Техникалық іске асырудың мүмкін еместігін қосқандағы, техникалық/технологиялық шешімдердің енгізумен байланысты техникалық тәуекелдер		
4.2	Экологиялық проблемаларды анықтау, қажетті шикізат базасының жоқтығын қосқандағы, өндірістің үйымдастырумен байланысты өндірістік тәуекелдер		
4-өлшемшарт бойынша орташа балл			
Қорытынды балл (өлшемшарт бағасы бойынша орташа балдар жиынтығы)			
Күшті жақтары			
Әлсіз жақтары			

Сарапшының Т.А.Ә. (бар болса) \_\_\_\_\_

Сараптаманың мерзімі \_\_\_\_\_

Қосымша 2

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама үйымдастыру және жүргізу қағидаларына

2-қосымша

Нысан

"**жобасы бойынша экономикалық (маркетингтік) сараптаманың сараптамалық (кешендік) қорытындысы**

№	Бағалау өлшемшарттарының атауы	Балдар ( 1-ден 9-ға дейін)	Сарапшының түсіндірмесі (барлық өлшемшарттар бойынша кемінде 500 сөз)
<b>1. Маркетингтік зерттеулер</b>			
1.1	FTҚН коммерцияландыру үшін ұсынылатын бизнестің қажет етілуі		
1.2	Өнімнің/қызметтің мұдделі әлеуетті тұтынушыларының бар болуы		
1.3	Географиялық, секторалдық және басқа да белгілер бойынша сәйкестендірілген өнімді/қызметті сату үшін мақсатты нарығының пысықталған сапасы		
1.4	Нарық көлемі бойынша расталған мәліметтердің бар болуы (Қазақстандық мен әлемдік нарық шегінде)		
1.5	Өнім немесе қызметтің қолданыстағы үқастықтармен салыстырғандағы бәсекелестік артықшылығы		
1-өлшемшарт бойынша орташа балл			
<b>2. Жобаның экономикалық көрсеткіштері</b>			
2.1	Жобаның бизнес-ұлгісінің бағасы		
2.2	Ұсынылған экономикалық көрсеткіштердің, оның ішінде ұсынылатын өнімнің/қызметтің өз құндылығы мен іске асырылатын бағасының негіздемелілігі		
2.3	Ұсынылатын команда мүшелерінің санын тарту негіздемелілігі		
2.4	Шикізаттың, материалдардың және басқалардың қол жетімділігі		
2-өлшемшарт бойынша орташа балл			
<b>3. Жобаны іске асырудың қаржылық жоспары</b>			
3.1	Жобаға сұралатын қаржыландыру көлемінің негіздемелілігі		
3.2	Жобаны іске асыру бойынша шығындар сметасының бағасы		
3-өлшемшарт бойынша орташа балл			
<b>4. Қоса қаржыландырудың бар болуы</b>			
4.1	Қоса қаржыландырудың бар болуы (әрбір 3% қоса қаржыландыруға 1 балл қойылады, оның ішінде ең жоғары балл - 9)		
4-өлшемшарт бойынша орташа балл			
Корытынды балл (өлшемшарт бағасы бойынша орташа балдар жиынтығы)			
Күшті жақтары			
Әлсіз жақтары			
Жобаны қаржыландырылуға ұсынылатын сома			

Сарапшының Т.А.Ә. (бар болса) \_\_\_\_\_

Сараптаманың мерзімі \_\_\_\_\_

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама үйимдастыру және оны жүргізу қағидаларына

3-қосымша

Нысан

## Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларының сараптамалық бағаларының жүйесі

Шекті баға	Балл	Баға	Описание оценок с указанием сильных и слабых сторон
Жоғары	9	Ерекше	Әлсіз тұстары жоқ ерекше күшті тұстарымен
	8	Біртуар	Сәл әлсіз тұстары бар күшті тұстарымен
	7	Үздік	Маңызды емес әлсіз тұстары бар күшті тұстарымен
Орташа	6	Өте жақсы	Көптеген маңызды емес әлсіз тұстары бар күшті тұстарымен
	5	Жақсы	Кейбір күшті тұстарымен және аздаған әлсіз тұстарымен
	4	Қанағаттанарлық	Кейбір күшті тұстарымен, алайда маңызды әлсіз тұстарымен
Төмен	3	Әлсіз	Сәл күшті тұстарымен және көптеген әлсіз тұстарымен
	2	Қанағаттанарлықсыз	Күшті тұстары жоқ және маңызды әлсіз тұстарымен
	1	Ө т е қанағаттанарлықсыз	Күшті тұстарының әлсіз тұстары бар

Қосымша 4

Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру жобаларына сараптама үйимдастыру және оны жүргізу қағидаларына

4-қосымша

Нысан

## Жоба бойынша сараптаманың жиынтық қорытындысы

№	Бағалау өлшемшарттарының атавы	Б а л д а р ( 1-ден 9-ға дейін)	Сарапшылардың түсініктемелері	
			1-сарапшы	2-сарапшы
1				
2				
3				
4				
5				
6				
7				
8				
Күшті жақтары				

Әлсіз жактары		
Жобаны қаржыландыруға ұсынылатын сома		
Қорытынды балл (бағалау өлшемшарттараты бойынша балдар сомасы)		

Оператор \_\_\_\_\_

Сараптаманың мерзімі \_\_\_\_\_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК